

Шектеу іс-шараларын алу және Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2015 жылдың 5 тамыздағы "Жаңақала ауданы Жаңажол ауылдық округінің Фазыл орны қыстағы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 4 шешімнің күшін жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 1 шешімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35, 36-баптарына, 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8-тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жаңақала аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2016 жылғы 22 ақпандағы №01-13/47 ұсынысы негізінде ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңажол ауылдық округі әкімінің 2015 жылдың 5 тамыздағы №4 "Жаңақала ауданы Жаңажол ауылдық округінің Фазыл орны қыстағы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3968 тіркелген, 2015 жылдың 11 тамызында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

Ауылдық округ әкімі

А. Жакупова